

8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау «6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы, ұлттық құндылықтарды игеруі, өзін-өзі жетілдіруі мен әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі – заман талап етіп отырған негізгі құндылықтардың бірі болып табылады. Жоғары оқу орнында білім беру деңгейінде болашақ педагогтерді даярлау үдерісі олардың рухани бағдарларын айқындаумен, кәсіби мобильділігін арттырумен, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуымен, білім алу стратегияларына сыни әрі ашық көзқарасын қалыптастырумен ерекшеленіп, кәсіби құзыреттіліктерді кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында педагогтің кәсіби қызметке даяр болуы үшін терең теориялық және практикалық біліммен, оқыту дағдыларымен қарулануы, сонымен қатар өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы қажеттігі нақты көрсетілген. Ал Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу стратегиялық бағыт ретінде айқындалған. Сонымен бірге, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Ұлттық кодты сақтау», «Ұлттық бірегейлікті нығайту» міндеттерін қойып, тәрбиенің басты өзегін ұлттық рухани құндылықтарға негіздеуді талап етеді. Бұл бағдарламада «ұлттық мәдениет пен дәстүрді ұлықтау арқылы жаңа дәуірдің жаңғыруына жол ашу» міндеті белгіленген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің» мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында: бастауыш білім берудің мазмұны «құндылық бағдарларын, дүниетанымын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, салауатты өмір салтына баулу, көркемдік-эстетикалық және рухани қабілеттерін дамытуға» бағытталатыны айқын көрсетілген.

			Сондай-ақ стандартта білім мазмұны «тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық» сияқты құндылықтарға негізделуі міндеттелген. Осы тұрғыдан алғанда, Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты диссертациялық зерттеуі ұлттық білім беру жүйесінің заңнамалық және стратегиялық құжаттарына толық сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Докторант М.Ф.Бекбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты диссертациялық зерттеуі ғылымға елеулі үлесін қосады. Докторанттың зерттеу жұмысының маңыздылығы келесідей атап өтуге болады: -біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, философиялық, психологиялық, педагогикалық және аксиологиялық аспектілер тұрғысынан тұғырларының негізделуі ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы ашылған; -екіншіден, «ұлттық рухани құндылық», «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» сияқты түсініктердің мазмұны мен құрылымына нақтылаулар жасалып, олардың ғылыми айналымға енгізілуі ғылымға қосылған үлес болып табылады және маңыздылығы ашылған; -үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани

			күндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы ғылымға елеулі үлес қосады және оның ғылыми маңыздылығы ашылған; төртіншіден, «Ұлттық құндылықтар тағылымы» атты элективті курс пен оқу-әдістемелік құралдың дайындалуы, олардың тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденуі педагогикалық тәжірибеге енгізуге болатын нақты жаңалық ретінде ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Бекбаева Малика Фархатовнаның зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Бұл ең әуелі диссертациялық жұмыстағы зерттеу проблемасына байланысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жасалған жан-жақты талдаудан, негізгі ұғымдар мен категориялардың ғылыми тұрғыдан нақтылануынан айқын көрінеді. Автор өзінің ғылыми көзқарасын қалыптастырып, тұжырымдар мен қағидаларды жүйелі түрде ұсына отырып, педагогикалық ой-пікірлерге сындарлы баға береді және оларға өзіндік пікір қосады. Диссертациядағы әдістемелік жүйенің құрылуы мен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ғылыми талаптарға сай рәсімделуі, алынған нәтижелердің талданып, практикалық тұрғыдан сипатталуы автордың дербес ізденісінің айғағы болып табылады. Жұмыстың барлық тараулары мен бөлімдері өзара қисынды байланыста, мазмұны жағынан толық, ғылыми тұрғыдан дәйекті әрі аяқталған сипатқа ие.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Бекбаева Малика Фархатовнаның зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Проблеманың өзектілігін талдау ең алдымен, қоғамның сұранысын қанағаттандыруда бастауыш мектеп оқушыларының ұлттық рухани құндылықтарын дамыту қажеттілігі мен оны жүзеге асыруға болашақ мұғалімдерді даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздерінің жеткілікті деңгейде жүйеленбеуімен айқындалады; екіншіден, педагогикалық үдерісте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық рухани құндылықтарға тәрбиелеуде жасалатын жағдайлардың әлеуетін толыққанды пайдалану мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігімен ерекшеленеді; үшіншіден, болашақ мұғалімдерді даярлауда ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға бағытталған педагогикалық теория мен практиканың қажеттілігінің артуы мен осы бағыттағы әдістемелік жолдардың толық айқындалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге талпыныс жасауда диссертацияның ғылыми және қолданбалы

		аспектілердегі өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Докторант Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты диссертациясы 2 тарау бойынша мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. 1-тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданады. Тараушаларда «ұлттық рухани құндылықтар», «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту», «болашақ мұғалімдерді даярлау» түсініктерінің философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдағы теориялық талдаулары жүйеленіп, негізгі ұғымдардың мазмұны, құрылымы нақтыланады. Сонымен қатар, зерттеу проблемасына қатысты әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар анықталып, құрылымдық-мазмұндық модель жасақталады. 2-тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тәрбиелік үдерісте ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлығын арттыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар сипатталады. Бұл тарауда педагогикалық шарттар нақтыланып, диагностикалық жұмыстардың мазмұны талданады, ұлттық құндылықтарды дамытуға арналған әдістеме ұсынылады. Әдістеменің тиімділігі бақылау эксперименті арқылы тексеріліп, оның тиімділігі тәжірибелік деректер негізінде дәлелденеді. Жалпы алғанда, диссертацияның тараулары мен бөлімдері өзара ішкі бірлік принципіне беріліп, тақырыптың мазмұнын толық ашады, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің орындалуына толық сәйкес келеді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертант зерттеудің мақсатын – бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу деп тұжырымдалған. Қойылған мақсатқа төрт міндет арқылы қол жеткізген. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды: Зерттеу жұмысының 1-міндетіне сәйкес, шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге жасалған жан-жақты талдау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Бұл зерттеудің бірінші

		міндетін шешуді қамтамасыз етеді; Зерттеу жұмысының 2-міндетіне сәйкес, болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық шарттары нақтыланған, олардың мазмұны мен рөлі ғылыми тұрғыдан негізделген; Зерттеу жұмысының 3-міндеті бойынша, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері бар құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған; Зерттеу жұмысының 4-міндетіне сәйкес, болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілген және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалған. Осылайша, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыппен толық сәйкес келеді, зерттеудің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеудің барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Зерттеу жұмысының мазмұны кіріспеден бастап қорытындыға дейін бірізді дамып, ортақ біртұтас ғылыми жүйені құрайды. Әрбір тарауда алынған нәтижелердің қисынды жалғасуы сақталып, қойылған мақсат пен міндеттердің орындалуына толық сәйкес келеді. Диссертацияның теориялық бөлігінде ұсынылған әдіснамалық негіздер мен ұғымдық-терминологиялық талдаулар тәжірибелік бөлімде жүргізілген педагогикалық шарттарды анықтауға және құрылымдық-мазмұндық модельді жасауға негіз болады. Ал тәжірибелік-эксперименттік бөлімде ұсынылған әдістеме бақылау, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттерінің нәтижелерімен ғылыми болжамы дәлелденіп, ғылыми тұжырымдармен ұштасады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ішкі бірлікте қарастырылып, ғылыми аппараттың барлық элементтері (мақсат, міндеттер, болжам, жетекші идея, теориялық және практикалық нәтижелер) өзара толық байланысқан. Бұл диссертацияның құрылымдық бірлігін, мазмұндық тұтастығын және ғылыми баяндаудың жүйелілігін айғақтайды.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың	Бекбаева Малика Фархатовнаның зерттеуінде жаңа шешімдерге қатысты сыни талдау бар. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, педагогикалық шарттары айқындалған, құрылымдық-мазмұндық модель жасалған және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық тұрғыда талданған. Алынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдармен салыстырылып,

		сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	олардың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіліп, бағаланған. Мәселен, «ұлттық рухани құндылық» ұғымының мазмұнын кеңейту, педагогикалық шарттарды айқындау, «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының ұсыну – ғылыми айналымға қосылған тың жаңалық болып табылады. Зерттеу нәтижелері зерттеудің мақсаты мен міндеттерімен, болжамымен толық үйлесім тауып, автордың жеке көзқарасы мен ғылыми тұжырымдары негізінде дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант Бекбаева Малика Фархатовнаның зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады <i>Бірінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Диссертацияда заманауи ғылыми еңбектер, нормативтік дереккөздер, шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда талданып, теориялық-әдіснамалық негіздері жүйеленген. Зерттеуде тарихи, аксиологиялық, әлеуметтік, мәдени тұғырлармен қатар, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына сүйенген әдіснамалық ұстанымдар берілген. <i>Екінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> «Ұлттық рухани құндылықтар» және «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы нақтыланып, ғылыми айналымға енгізілген. Бұл жаңа түсініктер зерттеу проблемасын жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. <i>Үшінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ұлттық рухани құндылықтарды дамытудың педагогикалық шарттары түзіліп, модельдеуде компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері жүйеленіп, олардың даму деңгейлері анықталған. Осы негізде құрылымдық-мазмұндық модель жасалып, оның ғылыми маңызы айқындалған. <i>Төртінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Болашақ мұғалімдерді даярлау әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген. Әдістеменің негізінде «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының бағдарламасы және «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты оқу-әдістемелік құрал алғаш рет тәжірибеге ұсынылған. Жалпы алғанда, алынған ғылыми нәтижелер толықтай жаңа, теориялық тұрғыдан негізделген және тәжірибеде қолдануға бағытталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып	Бекбаева Малика Фархатовнаның диссертациялық жұмысының қорытындылары

	табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	толығымен жаңа болып табылады . <i>Біріншіден,</i> бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, тарихи, аксиологиялық, әлеуметтік, мәдени және «Мәңгілік ел» идеясына сүйенген тұғырлар жүйеленген. Бұл қорытынды ғылыми-теориялық тұрғыдан <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. <i>Екіншіден,</i> «ұлттық рухани құндылықтар» және «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, педагогикалық-психологиялық тұрғыда қайта қарастырылған. Ұғымдардың осылай айқындалуы <i>толығымен жаңа</i> деп бағаланады. <i>Үшіншіден,</i> болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық шарттары мен олардың тиімділігін анықтайтын компоненттері, өлшемдер мен көрсеткіштер ұсынылып, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель жасалған. Оның компоненттері мен даму деңгейлерінің (жоғары, орта, төмен) анықталуы да <i>толығымен жаңа</i> қорытынды болып саналады. <i>Төртіншіден,</i> диссертациялық жұмыста алғаш рет «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының бағдарламасы мен «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалып, тәжірибелік-эксперимент арқылы тиімділігі дәлелденген. Бұл – зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге енгізілгендігін айқындайтын <i>толығымен жаңа</i> қорытынды. Осылайша, диссертацияның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген, тәжірибелік жолмен дәлелденген және ұлттық педагогика мен заманауи білім беру талаптарына сәйкес тың жаңалықтар алып келеді.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертант диссертациялық жұмысы барысында жасалған шешімдер толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған қорытындылар мен тұжырымдар тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденіп, енгізу актілерімен және ғылыми жарияланымдармен расталған. Ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалуы, педагогикалық шарттардың айқындалуы, «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының бағдарламасы мен оқу-әдістемелік құралдың дайындалуы білім беру тәжірибесіне жаңаша шешімдер ұсынады.

			Осыған орай, диссертацияның техникалық, технологиялық және педагогикалық шешімдері <i>толығымен жаңа</i> және ғылыми негізделген болып саналады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Бекбаева Малика Фархатовнаның диссертациялық жұмысының негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан толықтай негізделген. Зерттеу қорытындылары теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар, қағидалар, құрылымдық-мазмұндық модель, педагогикалық шарттар мен әдістеме мен әдістемелік ұсыныстар жүйелі дәлелдемелер арқылы негізделген. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері сандық және сапалық тұрғыда талданып, алынған мәліметтердің сенімділігі көрсетілген. Диссертацияда берілген ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды бастауыш білім беру жүйесінде, болашақ мұғалімдерді даярлау барысында, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларында, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында тиімді қолдануға болатындығы тәжірибелік дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген	Бірінші қағидат: Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту – болашақ мұғалімдерді даярлаудың күрделі педагогикалық жүйесі болып табылады. Бұл үдерістің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. 7.1. Бұл қағидатта ұлттық рухани құндылықтарды дамытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектілері мен және әдіснамалық тұғырлары негізделіп, дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Иә. Мақалаларда дәлелденген: 1. «Ұлттық мұралар негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау». Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №5(3), 2020. 2. «The effect of information technologies on the development of moral values of future teachers». World Journal on Educational Technology: Current Issues, 2022. Екінші қағидат: «Ұлттық рухани құндылықтар», «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту» және «болашақ мұғалімдерді даярлау» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы нақтыланды. 7.1. Бұл қағидатта зерттеу ұғымдарының ғылыми-категориялық негіздері айқындалып, ұлттық рухани құндылықтарды тәрбиелік жүйеде қолданудың мазмұны ашылуымен дәлелденген.

		бе? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.2. Тривиалды емес. 7.3. Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Иә. Мақалаларда дәлелденген: 1. «Жастарды ұлттық рухани құндылықтар арқылы тәрбиелеудің ерекшеліктері». Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №5(3), 2020. 2. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рухани құндылықтарын дамытуға даярлау». Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы, №1(73), 2022. Үшінші қағидат: Болашақ мұғалімдерді даярлауда ұлттық рухани құндылықтарды дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. 7.1. Бұл қағидатта модельдің мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттері, сондай-ақ өлшемдері мен көрсеткіштері анықталып, деңгейлері жіктелуі арқылы дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Иә. Мақалаларда дәлелденген: 1. «Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық негіздері». Scientific Collection «InterConf», Warsaw, 2023. 2. «Научные подходы к развитию национальных духовных ценностей у младших школьников». Innovations technologies in science and practice, Haifa, 2022. Төртінші қағидат: Ұлттық рухани құндылықтарды дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі тәжірибеде тексерілді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді. 7.1. Бұл қағидат «Ұлттық құндылықтар тағылымы» элективті курсының бағдарламасы мен «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты оқу-әдістемелік құралдың дайындалуымен, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен дәлелденген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Нәтиже жаңа болып табылады. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Иә. Мақалаларда дәлелденген: 1. «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттары». Proceedings of the 2nd International Scientific and Practical Conference “Science in the environment of rapid changes”, Brussels, 2023. 2. «Training of future teachers based on national heritage». The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology, Ankara, 2020.
8.	Дәйектілік	8.1 Әдістеменің таңдауы -	Иә, зерттеу барысында ұлттық рухани

принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттын дәйектілігі	негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.	құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде дамытуды болашақ мұғалімдерді даярлауда қолдануға байланысты тарихи, аксиологиялық, әлеуметтік, мәдени және «Мәңгілік ел» идеясына сүйенген тұғырлар ғылыми тұрғыдан негізделген. М.Ф. Бекбаеваның әдістемесі таңдауы негізделген, ол нақты әдістерді (бақылау, әңгімелесу, сауалнама, эксперимент, диагностикалық талдау) тиімді пайдаланған және олардың нәтижелілігін сапалық әрі сандық тұрғыда дәлелдеген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеудің мақсаты, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені айқындалған. Зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің ұлттық рухани құндылықтарға бағдарын, кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін және тұлғалық даму деңгейін диагностикалауға арналған сауалнамалар, әңгімелесу, бақылау, педагогикалық эксперимент әдістері қолданылған. Эксперименттік жұмыстарда педагогикалық шарттардың тиімділігін бағалау үшін сапалық және сандық көрсеткіштер алынып, нәтижелер компьютерлік бағдарламалар негізінде математикалық- статистикалық әдістермен (пайыздық үлестер, орташа мәндер, динамикалық өзгерістер) өңделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері деректерді өңдеуде заманауи компьютерлік технологияларды, статистикалық талдау цифрлық бағдарламаларын пайдалану арқылы алынған және интерпретацияланған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде ұсынылған барлық теориялық қорытындылар, модельдер мен анықталған заңдылықтар тәжірибелік- эксперименттік зерттеулер арқылы жан-жақты дәлелденген және расталған. Ия. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Зерттеудегі эксперименттік жұмысына Зерттеу 2018–2022 жылдар аралығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде (Талдықорған қаласы) және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде (Өскемен қаласы) жүргізілді. Экспериментке 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 148 студент қатысты, оның ішінде: эксперименттік топ – 76 студент; бақылау тобы – 72 студент.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми	Диссертант өз зерттеуінде өзекті әрі сенімді ғылыми дереккөздерге сүйеніп, айтылған негізгі тұжырымдарын растайды. Жұмыста отандық

		әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған/ расталмаған	және шетелдік ғылыми еңбектерге жүйелі түрде сілтеме жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Докторанттың диссертациялық зерттеуінде 194 ғылыми дереккөзге сүйенуі тақырыпты жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берген. Осы негізде жүргізілген әдеби шолу қойылған ғылыми мәселені шешуге жеткілікті деп бағалануға болады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ. 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ. 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызды ғылыми еңбек деп айтуға толық негіз бар. Атап айтқанда: Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, олардың философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілері талданған. «Ұлттық рухани құндылық», «бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту», «болашақ мұғалімдерді даярлау» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы нақтыланған, бұл ұғымдық-категориялық аппаратты толықтырады. Болашақ мұғалімдерді даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған, оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері жүйеленіп, педагогикалық шарттары айқындалған. Осылайша, зерттеу жұмысының теориялық маңызы – педагогикалық ғылымда ұлттық рухани құндылықтарды білім беру жүйесінде қолданудың жаңа әдіснамалық негіздерін ұсынуымен, тұғырлар мен ұстанымдарды негіздеуімен ерекшеленеді. Иә, диссертацияның практикалық маңызы бар және қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесінде қолдануға толық негізделген. Атап айтсақ: -«Ұлттық құндылықтар тағылымы» атты элективті курс бағдарламасы дайындалып, оқу тәжірибесіне енгізілген; -«Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесіндегі ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалған және тәжірибеде қолданыс тапқан; -ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалып, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары барысында дәлелденген; Алынған нәтижелер ЖОО-нан кейінгі білім беруде, біліктілікті арттыру курстарында және кәсіби педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады. Зерттеу барысында әзірленген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа сипатқа ие. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелердің

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	негізінде жасалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен зерттеу материалдарын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде, сондай-ақ біліктілікті арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады. Бұл ұсыныстар педагогикалық тәжірибені жетілдіруге және болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын арттыруға нақты үлес қосады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми баяндау стилі толықтай сақталған. Жұмыс ғылыми қызығушылық тудыратын, мазмұны нақты деректерге сүйенген әрі сауатты орындалған зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында қолданылған негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті дәрежеде ашылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Докторант М.Ф.Бекбаеваның диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан сауатты дайындалған еңбек болып табылады. Дегенмен, мазмұнына қатысты келесідей ескертулер ұсынылады: -Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері нақты статистикалық деректермен берілгенімен, кейбір диаграммалар мен кестелердің мазмұнын толық сипаттау қажет. Бұл зерттеу нәтижелерін практикалық қолданысқа енгізуді жеңілдетер еді. Аталған ескертулер диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық маңыздылығын төмендетпейді, керісінше, жұмыстың мазмұнын тереңдетіп, сапасын арттыра түсуге септігін тигізеді.	
12.	Қорытынды	Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің теориялық әрі практикалық маңыздылығын ескере отырып, Бекбаева Малика Фархатовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын	
13.			

Ресми рецензент:

Қорқыт ата атындағы Қызылорда
Философия докторы (PhD)



қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись

С.Ә.Жүзеев

М.Е. Бөкп.